

Бекітемін
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
бөбекжайы»
Менгерушісі: Шагиева Г.Н.
«01» _____ 2023 жыл



Тексерілді
КМҚК «Балауса-Балғын»
бөбекжайы»
Әдіскері: Сабитова З.А.
« 01 » _____ 09 _____ 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

Музыка жетекшісі: *Ахметова* Ахметова Аймангул Зарлыкановна

Бекітемін
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
менгерушісі: Ибрагимова Г.Н.
«01» 09 2023 жыл



Тексерілді
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
әдіскері: З.А. Сабитова
«01» 09 2023 жыл

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің 2023-2024 оқу жылына
арналған апталық
КЕСТЕСІ

№	ТОПТАР	УАҚЫТЫ	ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӘРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖУМА
		Минут	Ата-ана мен жұмыс күні	Денсаулық күні	Шығармашылық күні	Тазалық күні	Ұлттық күн
1	«Балақан» (2-3жас) кішілер тобы	10-15	9.40-9.55				
2	«Балбөбек» (3-4жас) ортаңғы	15-20					10.10-10.30
3	«Балапан» (3-4жас) ортаңғы	15-20		9.40-10.00			
4	«Ақкөгершін» (3-4жас) ортаңғы	15-20		10.30-10.50			
5	«Бүлдіршін» (4-5 жас) ересектер	20-25			10.05-10.30	10.05-10.30	
6	«Балдырған» (4-5жас) ересектер	20-25	10.30-10.55		10.40-11.05		

Музыка жетекшісі: Ахметова .А.З

Бекітемін

КМҚК «Балауса-Балғын»

бөбекжайы»

менгерушісі: Шагиева Г.Н.

«01» 2023 жыл



Тексерілді

КМҚК «Балауса-Балғын»

бөбекжайы»

әдіскері: Сабитова З.А.

«01» 2023 жыл

Handwritten signature and initials 'Z.A.' and '01'.

«Шығармашылық» білім беру саласы,
музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің
апталық оқу жүктемесі

Ұйымдастырылған іс әрекеттер		Жүктемесі
1	«Балақан» (2-3жас) кішілер тобы	Аптасына 1-рет
2	«Балбөбек» (3-4жас) ортаңғы	Аптасына 1-рет
3	«Балапан» (3-4жас) ортаңғы	Аптасына 1-рет
4	«Ақкөгершін» (3-4жас) ортаңғы	Аптасына 1-рет
5	«Бүлдіршін» (4-5 жас) ересектер	Аптасына 2-рет
6	«Балдырған» (4-5жас) ересектер	Аптасына 2-рет

Музыка жетекшісі: Ахметова А.З.

Handwritten signature of A. Z. Akhmetova.

**«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
Кіші топ «Балақан» (2 жастан)**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	<p>Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, дыбысты және әуенді тындап, сипатын ажырата білуге үйрету, ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету, барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға қалыптастыру. Ән айту: Әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету Бірдей қарқында ән салуға баулу Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру, бірінің артынан бірі жүру барысында, би ырғағын игеруді үйрету. Музыканың сипатына қарай сылдырмақ, барабан аспаптарының үнімен таныстыру, ойнай білуге үйрету.</p>
Қазан	<p>Балалардың музыканы тындап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру әнді тындап, сипатын ажырата білуге үйрету. жомарт күздің мағынасын түсіндіру.</p> <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу, Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, әндеткен дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, қосылып ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.</p>
Қараша	<p>Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әнді тындап, сипатын ажырата білуге үйрету. Музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру. Жабайы табиғат әлемімен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға иіу, қолдарды сермеу.</p>

Желтоқсан	<p>Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру, ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.</p> <p>Музыка тыңдау: Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айту: Музыканттың дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту.</p>
Қаңтар	<p>Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік – ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән тыңдау.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.</p>
Ақпан	<p>Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Тұлпар жүрісінсалу, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Ән тыңдау.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту</p>
Наурыз	<p>Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттерін дамыту, таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру, ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, әуенмен орындай білуге үйрету, хорда өлең айта білуге үйрету, ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету, кол, саусақ қимылдарын көрсету бойынша қайталауға үйрету, тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.</p> <p>Музыка тыңдау: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.</p>

<p style="text-align: center;">Сәуір</p>	<p>Түрлі аспаптардың орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әнгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;</p> <p>Ән айту: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен); әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу.</p>
<p style="text-align: center;">Мамыр</p>	<p>Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әнгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Түрлі аспаптарда жетекшінің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу.</p>

**«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
Ортаңғы топ (3 жастан)**

Топ: «Ақкөгершін», «Балапан», «Балбөбек» ортаңғы топтары

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	<p>Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету, әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру, музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру, қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғының дыбысталуымен таныстыру.</p>
Қазан	<p>Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.</p>

Балалардың музыкаға деген ықыласын арттыру, әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру, музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту, тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету, музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін қалыптастыру, көлік туралы ұғым беру.

Музыка тыңдау. Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру

Ән айту.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық ырғақты қимылдарды музыкамен сәйкестендіре орындауға үйрету, би элементтерін үйлесімді орындауға үйрету

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін қалыптастыру

Музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту, қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру, өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.

Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.

Музыка тыңдау.

Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.

Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.

Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.

Ән айту.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

<p style="text-align: center;">Қантар</p>	<p>Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би</p> <p>Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.</p>
<p style="text-align: center;">Ақпан</p>	<p>Балаларды жүргізуші туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ән айту кезінде топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ойналған әуеннің желісімен сәйкестендіріп, үйлесімді дұрыс бере білуге үйрету; мамандық туралы ұғым беру.</p> <p>Музыка тыңдау: Сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету, балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту</p>
<p style="text-align: center;">Наурыз</p>	<p>Балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын көрсету бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрге деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру</p> <p>Ән айту. Хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, домбыра сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту</p>
<p style="text-align: center;">Сәуір</p>	<p>Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру, әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету музыканы тыңдау дағдысын қадағалау, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету, ғарыш туралы ұғым беру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.</p>

	<p>Ән айту: Балалардың жана әнді тыңдауда әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу қабілетін дамыту; топпен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканың көңілді, ойнақы сипатымен ырғақты қозғалысты өзгертіп, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету; балаларды музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілетіне баулу</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қозғалыстарын, музыкалық ойын әрекеттерін шын ниетпен орындауға тәрбиелеу.</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Мамыр</p>	<p>Балаларды көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу және тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру.</p> <p>Музыка тыңдау: Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету</p> <p>Ән айту: шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен ән айту</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білуге үйрету музыкалық аспаптық оркестрлік ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру</p>

**«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
Ересек топ (4-5 жастан)
Топ: «Бүлдіршін», «Балдырған» ересектер тобы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<p>Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>
Қазан	<p>Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру</p> <p>Музыка тыңдау: Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау.</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>

Қараша	<p>Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен сәйкестендіре орындауға үйрету; жабайы табиғат әлемі туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Әртүрлі сипаттағы, қарқынды музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту.</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p>
Желтоқсан	<p>Балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілеті мен би қимылдарын еркін орындау қабілеті мен зейінін дамыту</p> <p>Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>

Қантар	<p>Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру</p> <p>Музыка тыңдау:Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Ән айту:Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Ойындар,хороводтар:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау.Фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.</p>
Ақпан	<p>Балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.</p> <p>Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. Марш екпініне адымдап жүру.</p> <p>Билер:Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу.</p> <p>Ойындар,хороводтар:Үлкен шеңберге және шашырап тұру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>

<p style="text-align: center;">Наурыз</p>	<p>Балаларды ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру; аналар мерекесі, наурыз мерекесі мен көктемгі құстар жөнінде ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау.</p> <p>Ән айту: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді есте сақтау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p>
<p style="text-align: center;">Сәуір</p>	<p>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру.</p> <p>Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу.</p> <p>Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.</p> <p>Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшандық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшандық пен икемділік танытуды қалыптастыру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу.</p>

Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды бірге айта білу дағдыларын жетілдіру; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру

Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).

Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.

Билер: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу.

Ойындар, хороводтар: Қол, саусақ қимылдарын көрсету бойынша қайталауға үйрету

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:

Музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру